

**Бекітемін:**

**«Алтын Самұрық» бөбекжай балабақшасы**

**менгерушісі**

**Э.С.Мырсейтова**



***Ашық сабақ: «ТӘУЕЛСІЗДІК — МӘНГІЛІК  
ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ»***

*Тобы: Ақбота*

*Тәрбиеші: Сыздық Ш*

**2024-2025**

**16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН  
«ТӘУЕЛСІЗДІК — МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ» АТТЫ АШЫҚ  
САБАҚ**

**Мақсаты :** Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Тәрбиеші :**

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ұстаздар және балалар. Біздің тобымыздың «ТӘУЕЛСІЗДІК — МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! -Бүгін біз Қазақстанымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!!! Мектепалды даярлық тобының ертеңгілігін бастауға рұқсат етіңіздер. Балалар ән ырғағымен залға кіреді.

**Сәлемдесу рәсімі**

Армысың, алтын күн,  
Армысың, Жер Ана,  
Армысың, көк аспан,  
Армысың қонақтар,  
Армысың, достарым!

**Әнұран айтылады.**

**Тәрбиеші :**

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан – далаң, орман, тауың, ауылың мен астанаң.

Отан әр жұмыр басты пенденің киелі мекені, жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі.

-Біздің балаларымыз «Отан» туралы өлең айтып берсін.

**Хор:** «Тәуелсіздіктің ұраны»

-Енді балалардың тәуелсіздік мейрамына жаттаған тақпақтарын тыңдайық.  
(балалар тақпақтарын айтады)

**Нұрқожа**

Қайраттай қайсар ұлдардың  
Жанымен келген еркіндік  
Сәбира мен Ляззаттың  
Арымен келген еркіндік  
Қасірет пен қайғының  
Бәрімен келген еркіндік

**Нұрیمان**

Он алтыншы желтоқсан  
Ел мерейі тасыған  
Қазақ деген қалың жұрт  
Бәрін кешті басынан

**Б.Мариям**

Он алтыншы желтоқсан  
Тәуелсіздік алған күн  
Ерекше боп мәңгілік  
Ел жадында қалған күн

**О.Мариям**

Көк аспанда тулардың  
Желбіреген күні — бұл,  
Елім деген ұлдардың  
Елжіреген күні — бұл.

**Алихан**

Әділеттің ұраны,  
Ақиқаттың шырағы.  
Тыныштықтың туы боп,  
Зор салтанат құрады.

**Жантөре**

Дүбірлетсін өңірді  
Дүбірлесін дүлділі.  
Қазақ деген елімнің  
Құтты болсын бұл — күні!

**Марлен**

**Абылай:**

Менің туған ауылым,  
Туған жерім, мекенім.  
Өскен жерім Арасан,  
Жарқырасын жұлдызың.

**Аңсар:**

Ұлан байтақ жері бар,  
Пайдалы қазба кені бар.  
Тәуелсіз ел — Қазақстан  
Көркіне көр кі жарасқан.

Отаным менің Қазақстан  
Мәңгілік сенімен мақтанам  
Саяңда жүрсем әрдайым  
Күлімдеп жүрем бақ табам.

**Аяла:**

Тәуелсіз азат елім,  
Туып өскен- байтақ жерім.  
Мәңгі жайнап тура бер  
Қазақстаным менің!

**Бибіайша:**

Отаным менің Қазақстан  
Қарызбын саған әрқашан  
Азаматтық борышты  
Өтеуге мәңгі талпынам.

**Тәрбиеші:** Ал балалар мен сендерге бүгінгі тақырыпқа байланысты тапсырмалар беремін соны сендер орындап шығасындар.

*1. Тапсырма: Тудың бейнесін құрастыру.*

*2. Тапсырма: Елтаңбаның суретін салу.*

*3. Тапсырма: Рәміздерді санау және пішіндерін ажырату.*

*4. Тапсырма: Суретке қарап сөйлем құрастыру.*

*5. Тапсырма:*

**Алан:**

*Туған жер — ата қоныс, атамекен,  
Бауыры талай жанға болған мекен.  
Әр ұлттың басын қосқан бір арнаға  
Қазақ елі — ұлы ел, менің өлкем.*

**Аянат:**

*Отаным менің Қазақстан  
Атыңнан сенің айналам  
Бас иіп саған өтемін  
Жасай бер жаса Қазақстан.*

**Тәрбиеші :**

Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсындар.

Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысындар. Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болындар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсындар.

Желтоқсаным – тәуелсіздік тірегі,  
Желтоқсанды қадір тұтып тұр елі.  
Есте сақтап ағалардың ерлігін,  
Жүректерге сақтау керек үнемі.

**Тәрбиеші: Олай болса балалар, «Көк тудың желбірегені» әнін бірге тамашалайық**

**Ән: «Көк тудың желбірегені»**

**Тәрбиеші:** Ал, құрметті қонақтар осындай әдемі тілектермен, әндерімізбен бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Сіздерге тағыда мейрамдарыңыз құтты болсын. Аспанымыз ашық болып, Қазақстанымыз гүлдене берсін!



